



КОНКУРС «Астана и Президент»

Жамбыл облысы

**Айтқали Бақытжан,
№ 43 орта мектептің 11 сынып оқушысы**

Астана – біздің халқымыздың бәрін біріктірген отанымыздың жүрегі және ұлттық ойы.

2008 жылдың 6 шілдесінде Астананың 10 жылдық мерей тойы болды. Осы аз ғана уақыттың ішінде президентіміздің сенімін ақтап, халқымызды, ұлы келешегіне айналды.

Статистикалық мәліметке сүйене отырып осы он жылдың ішінде Астананың халық саны 3 есеге көбейді. Бұл көрсеткіш Астанамыздың дүние жүзі бойынша дамып келе жатқан ең жас қала екенін білдіреді. Астана арқылы президентіміз Қазақстанда жаңа қала ашты. Астанамыз өсіп алға жылжуда. Астана жайлы айтатын болсақ оның мәдениеті жоғары. Астанаға жан жақтан көптеген жастар келіп, жоғары лайықты білім алуда. Қазір Астанада ЖОО-да оқу өте мәртебелі және келешекте мамандығының болашағы мол. Бұл жастарымыздың өмір дәрежесінің жоғары екенін дәлелдейді. Астанада дүние жүзілік стандартқа сай үлкен ғимараттар салынуда. Біздің Астанамызға көптеген қалалардан адамдар ресми сапарларға келеді. «Әсіресе жаздың күндері іс сапарларға, қонаққа келген адамдардың фотоаппаратпен Астананы суретке түсіріп жүргенін көруге болады. Әсіресе кешкі Астананы. Осы он жыл ішінде Астана гүлденіп, жайдары, меймандос, ең тартымды қалаға айналды. Астана Қазақстан халықтарын біріктіреді және алға дамуға ұмтырылдырады. Астанада 100 – ден астам ұлт жасайды. Астана біздің Отанымыздың Тәуелсіздігін растайды және президентіміздің Н.Ә.Назарбаев айтқандай: «Халықтардың достығы, бір-бірін түсінуі, ынтымақтастығы – Астананың және жаңа Қазақстанның негізін құрайды!»

Менің жанұям және мен Астана жайлы туған туыстарыма үлкен мақтанышпен айтамын. Өйткені астанада ғылыми-оқу орталықтары, 30000 орынды жабылған (крытый) стадион, мәдениет орталықтары, орасан күрделі құрылыс зәулім үйлері, қонақжайлар салынған. Бұдан басқа ең ірі транспорт линиялары салынуда. Келешекте Астана қаласы шет мемлекеттерден туристер қабылдайтын үлкен қала орталығына айналады. Осы мақсатта үлкен мәдениет орталықтары және де, медициналық және музыкалық академиясы, Еуразия университеті, көптеген мектеп, лицей, гимназия ашылуда.

- Бұл әрине менің қалам, менің астанам, менің Қазақстаным!

Бакбергеонова Айгерим,

средняя школа № 40, ученица 10 класса

Казахстан – это звучит гордо!

Это святая обязанность – любить страну,
Которая вспоила и вскормила нас, как родная мать.
Шолохов М.А.

Что такое патриотизм для нас? Еще не зная значения этого слова, будучи маленькими детьми, мы уже любили это яркое солнце над головой, это необъятное небо, эту родную землю, этих родных людей, которые живут рядом с нами. Невозможно дать определение слову «патриотизм», его можно только почувствовать. Жизнь устроена так, что ты либо патриот, либо нет – третьего не дано. В детстве все мы маленькие патриоты. Ведь даже земля под ногами растет, живет и развивается вместе с нами – она дает возможность сделать свои первые несмелые шаги, а затем всю жизнь твердо стоять на ногах, чувствуя её опору и заботу. Как важно сохранить и передать следующему поколению чувство трепетной любви к родной земле! Ведь, как известно, люди изменчивы – изменчивы и их взгляды на жизнь. Трудно предугадать, что готовит будущее, какой будет завтрашний день. Но всё-таки чувство патриотизма не должно зависеть, ни от возраста, ни от социального положения, ни от событий, происходящих в мире – ни от чего – это чувство постоянное, уверенное, достойное. Я родилась и живу в Казахстане – это огромная страна, которая недавно отметила 19-летие празднования независимости. Многонациональность состава нашей республики нас поражает: представители более 120 национальностей живут и трудятся вместе во благо Казахстана. Интересен сам факт того, что, несмотря на различия в национальном и культурном менталитете, казахстанцы толерантны друг к другу, в нашей стране нет места национализму и религиозным противоречиям, потому что Казахстан – это не только молодая стабильно развивающаяся страна, но и земля, которая подаст руку помощи. Как важно вставать утром и видеть мирное небо над головой. Ведь отсутствие войн – необходимое условие для развития человечества. Поэтому мы обязаны сохранить мир для следующих поколений, которые также с гордостью скажут: «Моя Родина – Казахстан!»

**Ким Алексей,
школа-гимназия № 39, ученик 10 класса**

Астана – столица Казахстана!

Астана. Далекая, нереальная, блистательная, как европейская столица, но в то же время близкая для нас, как степной валун – частичка нашей Родины, частичка нас. Прежде чем говорить об этом сказочном городе, в первую очередь хотелось бы сказать, что Астана – это город контрастов. Казалось бы, совсем молодой город, но насколько богата и интересна его

история, ведь прежде чем стать сердцем страны, Астана прошла долгий путь от простого поселения до лагеря политических заключенных. Чтобы узнать об истории города вы могли бы почерпнуть эту информацию в эту информацию в энциклопедиях или в других источниках, но я попробую, отбросив сухой энциклопедический текст, рассказывать об этом в более интересной форме. Вы согласны? Что ж, тогда вперед, вернее сказать, назад, в прошлое. История города берёт своё начало с 1832 года до этого же на территории нынешней столицы существовало небольшое поселение Бозок. Жили здесь простые кочевники, выходцы из Среднего Жуза. Занимались они полукочевым скотоводством, торговали, даже не подозревая о том, что несколько столетий спустя здесь появится город-сказка. А был человек, который на месте голой степи и нескольких десятков юрт видел город, и даже не один. Дело в том, что в то время Россия была метрополией и так же, как и европейские державы, пыталась колонизировать новые территории, среди которых и была казахстанская земля. Здесь стали создаваться станции, крепости, и по решению русского правительства на месте мелкого поселения была создана Акмолинская крепость. Удобное географическое положение, активная торговля с районами страны и другими государствами сделали своё дело: город стал расти, развиваться.

Дальше – больше. В 60-е годы Акмолинск – главный город Акмолинской области. Простой кочевник, ставший теперь горожанином, смотрел на новый город, росший у него на глазах, и с некоторой грустью вспоминал, что когда-то здесь кочевали его предки. Но время шло, кочевник умер, не оставив от себя ничего, а город стал; строились новые дома; разрастались улицы. Но период советской власти оставил глубокую рану на истории города, всей страны. Дело в том, что в тот период все люди, проявлявшие малейшую степень инакомыслия, ссылались подальше от центра. В Казахстане была создана обширная система лагерей, и в прошлом торговый центр, крупный город Акмолинск, превратился в лагерь для жён изменников Родины. Он назывался АЛЖИР. Но отнюдь не лазурные берега Средиземного моря и не жаркое африканское солнце увидели бы вы здесь. Серые, унылые краски, колюча проволока и женщины в серых платков, которые гнули спины в нечеловеческих условиях. И как клеймо, призывание на всю жизнь: «Жёны изменников Родины».

А потом было освоение целины. С 1954 года начали осуществляться большие планы. Огромные распаханые площади, несметное число работавших людей, погоня за показателями, грандиозные задачи, тяжкий труд и важное стратегическое значение Целинограда – всё это до сих пор хранит в памяти город. В период массового освоения целинных и залежных земель много говорилось о необходимости перевода на интенсивный путь развития. В погоне за показателями распахивались большие территории. Нарушение экологического баланса приводило к тяжёлым последствиям: развивалась эрозия почв, выветривался плодородный слой почвы. Был нанесён непоправимый ущерб традиционной отрасли сельского хозяйства –

животноводству. Вообще же рациональная система земледелия для целины была создана лишь спустя два десятилетия после её массового освоения.

Следующий важный этап в жизни города – объявление столицей в 1997 году и переименование в Астану в 1998 году. Всего лишь за одиннадцать лет нового существования новоотстроенная Астана ничуть не уступает крупным городам России, Узбекистана, Грузии, Индии, Ирана, Пакистана. На сегодняшний день город изменился до неузнаваемости: ничто больше не напоминает трагические времена АЛЖИРА и произвола советской власти. Вместо старых, обветшалых домов целинников – комфортабельные небоскрёбы, музеи, театры, дома культуры и отдыха, резиденция президента, набережная, бульвары, скверы. Когда видишь всё это, невольно начинаешь гордиться за свою столицу, народ, президента. Астана! Ты, как сказочная жар-птица, раскрыла свои крылья. А я стою, как некогда стоял здесь тот кочевник, но смотрю я не с грустью, а с радостью. Сердце начинает трепетать, на лице появляется улыбка, и я думаю: не сон ли это?

В этом сочинении я хотел рассказать вам о нашей столице – Астане. Тема этого сочинения очень сложна, потому что очень трудно писать о таких вещах без пафоса, энтузиазма. Я пытался писать это сочинение просто, с душой. Получилось это или нет – судить читателям, а в целом же я хотел рассказать вам о не совсем обычном городе. Этот город – это все мы, вся страна. Давайте же будем гордиться нашей столицей, нашей Родиной!

**Омарова Аягүл,
Төле би атындағы №8 гимназияның 11 сынып оқушысы**

Барша ұлтты бауырына басқан бауырмал қазақ халық біреуді артық, біреуді кем деп көрмеген. Татулық пен достықта тұруды ежелден серік еткен. Қазақстан - өз ұлты, халқы, діні, тілі, мәдениеті, тарихы, салт-дәстүрі бар күдіретті ел. Қазаққа тән ата-бабаларымыздан қалған ар-намыс, жігер-қайрат, қайтпас қанат мұра ретінде келешек ұрпаққа дейін жеткен. Тарихқа үңіле отырып: «Кеше кім едік, бүгін кіміз, ертең кім боламыз?» - деп ойлансақ бұл - туған елінің, халқының өткені мен келешегіне көз жіберген әрбір азаматтың жүрек түкпіріндегі сөзі. Қазақ елі тәуелсіз болса деген арман ұшқын шашса, бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы қазақ елінің соңғы он тоғыз жыл тұтқасын ұстап, туын көтерген тұрлаулы да тұғырлы тұлғасы – тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың басшылығымен әлем мойындаған, жаһанға аты жеткен мемлекетке айналды. Ұлы даланың тағдыр-тарихын барлық дем тынысымен түсініп, елінің ендігі тарихын сол ұлылар рухында одан әрі жаңғырта, жасарта алып кететін ер, көзсіз батыр, тап-таза ар-намыстан жаралған қайтпас-қайсар қайраткер, елін басқарып, қос батырдың ісін істей алатындай ерекше тұлғаны тап басып таңдап, тағдырын қолына бергенінде жаза басып жаңылған жоқ еді.

«Ширатып жанды шынайы шешен лебің,
«Қазақ жігітін қарашы, шіркін!» дегіздің.

Ұлы халқыңды төрткөл дүниеге танытып,

Келесіз қалап жаңа қоғамның негізін», - деп жерлесіміз А.Көпжасарова жырлағандай, Нұрсұлтан Әбішұлы - жер бетіне сөзін өткізіп, отырған бүгінгі заманның көрнекті саясаткері, Қазақстанның тәуелсіз мемлекетін құрудың басында тұрған, осы жолдағы не қилы тар жол, тайғақ кешуді халқымен бірге өтіп, қиыншылықтарын бөліскен, бүгінде әлем мойындап отырған жаңа мемлекетті қалыптастырған, оған жаңа Астана жасап, жаңа қала тұрғызған, қазіргі елді индустрияландырудың жаңа жобасын өмірге келтіріп, болашаққа бағыттап бара жатқан ұлы тұлға, төрт құбыланы түгендеп, кемел ойлы, кемеңгер ата-бабаларымыздың жолымен жүрген, қасиет дарыған қайраткер.

Қазағым сіздей ұлмен бақ тапқасын,

Ақының неге сөзін сақтап қалсын, - деп ақындар жырына арқау болған, қазір әлем мемлекеттері тарихын зерттеушілердің назарын өзіне аударып, өткен жылғы шілде айында ағылшын жазушысы және публицисі, саяси биограф Дж.Айткен мырзаның «Назарбаев және Қазақстанның қалыптасып дамуы» атты кітабын жазып, Лондонда оның тұсаукесерін өткізгені Елбасымыздың, шын мәнінде, біртуар азамат, елін ұлы көшке сүйреген көшбасшы екіндігінің айқын дәлелі.

Тарихтың тағдыр-талайы шешуші сәтінде мемлекет басына келіп, шексіз ұлтжандылықпен рух биіктігін көрсетіп, елін өрлеу мен гүлдену жолына түсіріп, іркілмей бастап келе жатқан ізгі жан туралы жылы лебіздерді көптеп келтіруге болады. Соның бірі Ресейдің байтақ бір өлкесін билеп, халқының құрметіне бөленіп отырған қандасымыз Аман Төлеевтің айтқаны да айрықша көңіл бөлерлік. Ол: «Нұрсұлтан Назарбаев өте көреген, әріден ойлайтын саясаткер. Ол жігерлі әрі айбарлы адам. Мен оның көрегендігін ұнатамын. Ол шебер шахматшы секілді, бәрін де алдын ала есептеп, нағыз жүрістерді таңдай алады», - деп әділ бағасын берген.

Президент боламын деген кісі ақылы мен қайратын, жігерін, ірі саясаткер талантымен, ел басқару ісіндегі мол тәжірибесімен ұштастыра отырып, елдің бірлігі, халықтың тыныштығы, мемлекеттің тәуелсіздігі мен қадір-қасиетінің артуы үшін еңбек етуі шарт. Нұрсұлтан Назарбаев бұл шарттардан мүдірмей өтті, ол елдің, мемлекеттің ақыл-ойын байытуға, абыройын асыруға, ар-ожданын ардақтауға қызмет етті және қызмет етіп келеді. Мәселен, Қазақстан Республикасы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың сара басшылығымен демократиялық құндылықтарды құрметтеу, ашық қоғам құру, адам құқын қорғау мен сөз бостандығын өркениет өрісіне сай қамтамасыз ету салаларында ауыз толтырып айтарлықтай табыстарға жетті. Еліміздің экономикасын көтеріп, халқымыздың әл-ауқатын арттыру, саяси реформалар жүргізіп, басқарудың тиімді тетіктерін қалыптастыру бағыттарында да қомақты шаруалар атқарылды.

Республикамыз қазірге дейін бірқатар халықаралық ауқымды шараларға бастамашы болып үлгерді. Әлемдік, өңірлік деңгейдегі құрылымдарды өмірге әкелудің көш басында жүрді. Ел ішіндегі этносаралық татулық пен дінаралық келісім үдерістері өзгелерге үлгі етерліктей дәрежеге көтерілді.

Дүниежүзілік, аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы күш-жігеріміз де халықаралық қоғамдастық тарапынан оң бағаланып келеді. Жер шарының көптеген мемлекеттерімен тек достық, ынтымақтастық тұрғысында қарым-қатынас орнаттық.

Кеңес өкіметінің құлаған сарайын күреп тастап, ата-бабамыздың ақбоз үйін тіге қою Оңай болған жоқ. Елбасы егемендігіміздің алғашқы күнінен бастап, жатса-тұрса ойлайтыны да, айтатыны да көп ұлтты еліміздің тыныштығы мен бірлігін сақтап қалу болды.

Халықты аштыққа, жалаңаштыққа ұрындырмай, қиын өткелден алып шығуының бірден-бір жолы - шет елдердің қаржысын Қазақстанның экономикасын өркендетуге жұмсау, өзіміздің теңгемізді тұрақтандыру, дамыған елдермен байланыс жасап, жер бетінде Қазақстан атты мемлекеттің барын таныту болды. Өтпелі кезең қиыншылықты болғанмен, мемлекеттің алдындағы өзекті мәселелерде Елбасы бірден-бір баянды бағыт ұстанды. Мемлекеттің қоғамдық-саяси ахуалының тұрақтылығын қалыптастыруды бұрын-соңды болмаған жетістікке жетті. Жаңа басқару жүйесі, оның басқарушы, бақылаушы және атқарушы органдары мен институттары құрылды. Қазақ елінің территориялық тұтастығының, біртұтас мемлекеттігінің заңды негізі қаланды.

Ел егемендігін алысымен, БҰҰ-ға мүше етіп енгізді. Қазақстан осы күннен бастап және жер жүзіндегі жүзден астам ел таныған Егемен ел болды.

Президентіміздің ел тәуелсіздігінен кейін ең бір батыл, шешімі - астананы Ақмолаға көшіруі. Қайда жүрсе де, кіндік кесіп, кір жуған туған жерін ойлаған азамат оның ертеңгі өмірін де қамдап ойлайды. Астананы Алатаудың бауырынан Арқаға ауыстыру оңайға түскен жоқ. Арқа төсіне қоныс аударған Елордаға бақ пен дәулет тілеген Елбасы: «Бұл болашағымызға керек, қызығын келер ұрпақтар көреді», - деген болатын.

«Өзіңмен қазағымның бағы ашылды,

Туғызған ел едік қой сан асылды.

Ақмоланы Астанаға ауыстырып,

Аты қандай бүгінгі жарасымды!», - деген ақын жырларында Елбасы шешімінің дұрыстығы паш етілді. Сондықтан, егемен Қазақстан азаматтары үшін Астана - еліміздің өміріндегі жаңа дәуір белгісі.

Есілге қонған аққудай жарқ етіп, аз уақытта қанат жайған асқақ қала:

«Ежелгі арман өтелген,

Нығайды қазақ елдігі.

Ақталды шаңырақ көтерген,

Елбасының ерлігі», - деп Кәкімбек Салықов жырлағандай, ақындарға шабыт сыйлады. Астана қазаққа тек қана әлеуметтік, экономикалық һәм саяси маңызы бар қала ғана емес, ол тәуелсіздіктің рухани тұғыры ретінде әр қазақтың жүрегінде елге, жерге, Отанымызға деген шынайы сүйіспеншілігі болып қалады. Өткені Астанамыз аз ғана уақыт ішінде Қазақстанның ірі қоғамдық саяси, ғылыми, мәдени және іскер орталғына айналып отыр. Тәуелсіз еліміздің саяси тарихы көбіне

жас Астанамен байланысты. Астана Еуропа мен Азия арасындағы байланыс көпірдің қалану мәртебесіне ие болып отыр.

Бүгінде әр қазақтың жүрегінде отансүйгіштік деген ұлы сезім ұлғая түсті, көңілге қонып, тамыры терең «Бәйтеректей» шартарапқа құлаш жайды. Қазақ халқының санасына Астана бірлігіміз бен тіршілігіміздің айшықты белгісі-символы болып қалыптасты. «Астана - тәуелсіздік тақ-тұғыры, Бар қазақ арман жолын басқарады» - десек, шын мәнінде, Астана ұлтымыздың, мемлекетіміздің мызғымас тақ-тұғырына айналды.

Әр мемлекеттің астанасы - оны биіктерге бастайтын баспалдағы, беделі мен берекесінің діңгегі. Астана әр қазақтың жүрек түкпірінен орын алатын киелі мекен.

Ғасырға бергісіз 12 жыл ішінде Астана талай іс-шаралардың ордасына айналып, әлем назарын өзіне аударды. Астанада өткізілген форумдар әлемдік саяси тұрақтылықты, ұлтаралық келісімді сақтауға бағытталса, тарыдай шашылған қазақтар да бас қалада бас қосып елінің дамуын көзімен көріп, жүректерінде қуаныш ұялатуда.

Астананың символы – «Бәйтерек» монументін бүгінде көптеген мемлекеттердің азаматтары біледі. Президенттің айтуынша, бұл құрылыстың мәні үш негізгі философиялық құрылымды білдіреді: жер, өмір және аспан.

«Бұхар жырау Сарыарқаның киесі болар,

Нұрсұлтан ХХІ ғасырдағы киесі болар.

Шындықты бүркелмей айту

Ақынға тиесі болар», - деп ақындар жырлағандай бүгін тарихымыздағы, тағдырымыздағы сабақтастықты көреміз.

Иә, ел басқарудағы Абылай мен ел басы арасындағы кемеңгерлік, қайраткерлік бір-бірімен сабақтасып жатыр. Тұс-тұстан ашкөзденіп анталап тұрған алпауыт көршілерді Абылай хан сұңғыла саясаткерлігімен қазақтың табалдырығынан аттатпағаны бүгінгі Елбасымыздың дипломатиялық қайраткерлігіне ұштасып астасып жатқан жоқ па? Тарихи тәлімнен сабақ ала білген Елбасының даналығында да өткенмен сабақтастық тұнып тұр. Сондағы жылдан соң қолымыз жеткен азаттықты, тәуелсіздікті аласала, Сарыарқа төрінен ұлттығымызға ұлы шаңырақ көтеру – тұңғыш Президентіміздің кемеңгерлігі, көрегендігі.

Міне, осының барлығы айтуға ғана оңай, атқарылуы нар түйенің жүгіндей ауыр жұмыстар екенін айтпаса да түсінікті. Дегенмен, осы бастамалар мен істердің бәрінде де Қазақстан Республикасы абырой биігінен көріне білді. Үлгі етіп ұсынған жаңашыл идеяларымыз бен іс-қимылдарымыздың халықаралық қоғамдастық тарапынан танылып, оң бағаланғанының жарқын бір көрінісі – туған Отанымыз табалдырықтан енді ғана аттаған 2010 жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына мүше 56 елдің қолдауымен аталған беделі биік халықаралық құрылымға бірауыздан төраға болып сайланды. Отанымыздың ЕҚЫҰ-ға бұрынғы Кеңес Одағы республикаларының Орта Азия мемлекеттерінің және

біртұтас мұсылман әлеміндегі елдердің арасынан топ жарып, алғаш төрағалық етуі де мақтануға тұрарлық жайт.

«Нұр жауар хақтан рахман иманды ерге» дегендей, еліміз тәуелсіздігін алғаннан бері Президентіміз өзінің туған елін сара жолмен абыройлы бастап келеді. Бұл жолда Елбасы қаншалықты абыройлы болса, халқы да оны құрметтеп, сыйлаумен келе жатқаны баршаға аян. Жеке өз басым Нұрсұлтан Әбішұлының қазақты, қазақ елін жер планетасының бергі бетінен арғы бетіне дейін түгелге жуық таныстырып үлгергеніне қатты ризашылық білдіремін. Біздің Президентімізді дүние жүзі таниды және оны өз бауырындай, досындай, ақылшысындай, тіпті өздерінің басшысындай көретінін мақтан тұтамын.

«Атан тартқан ауыр жүк мойныңызға артылды,
Түсінген жан едіңіз дәстүрім мен салтымды.

Бір Алла өзі жар болсын

Бастай бер, баста, халқыңды!», - деп ақындар жырына арқау еткен Елбасы өмірі мен қызметі елі мен жері, оның болашақ дамуына арналған. Бұл жолда қойдай қоңыр халқыңды от пен суға түсірмей алға бастай бер, Елбасы, Астанаңның діңгегі мықты, мәртебесі биік болғай!

Мейірбек Әсел,

№ 43 орта мектептің 4 сынып оқушысы

Астана – болашақтың қаласы

«Астана осы сөздің тура
мағынасында нағыз астанаға,
тәуелсіз жаңа мемлекет –
Қазақстан Республикасының
астанасына айналады»

Н.Ә.Назарбаев

Астанаға Алматы қаласының көшуі халықтың тығыздығы мен экологиялық жағдайы көп әсер етті. Жаңа астананы таңдау басшылыққа алынған кезде Қазақстанның орталығы Ақмола қаласына орналасу болып табылды. Астананы көшіру Қазақстанды нығайту, бейбітшілігімізді бағыттау болды. Астананы ауыстыру экономикамызды нығайту, дамыту деп санады. Сөйтіп 1994 жылы шілдеде астана солтүстікке Ақмолаға көшіру шешімі қабылданды. Басқа елдермен шектеу үшін де барлық жағдайлар қарастырылды Астананы көшіру Қазақстанды жаңа тәуелсіз мемлекет деп таныды. Біздің жеріміз, еліміз қауіпсіздік жолында маңызды орын алу қажет. Астана елдің ортасында орналасу керек деп санады. Астананы ауыстыру экономикамызды нығайту, дамыту деп шешті.

Қазақстанда тұратын барлық елдер достықпен ынтымақты сақтау бағыты екенін айтты.

Астана халқының саны қоныс аударғанда 290 мың адам болатын. Сәулетшілер жаңа ғимараттар, зәулім үйлер, шағын аудандар салуға кірісті.

[Введите текст]

Тәуелсіздік алғаннан кейін, 1992 жылы қалаға тарихи Ақмола атауы берілді. 1997 жылы 10 желтоқсанда Ақмола қаласы Қазақстанның Ел ордасы болып жарияланды. Астана бүгін орталық болса, ертең мәдени-ғылыми орталық болады. Астана жаңа атауымен орын алды.

Астананың гүлденуі – Қазақстанның гүлденуі «Қазақстан астананың экономикалық дамуының негізі».

Бүгінгі күні – талантты, жігерлі өзіне снетін арманға бай және оларды жүзеге асыруға ерік-жігері бар жастарға мемлекетіміз жағдай жасап отыр.

Еліміздің ертеңгі болашағы біздер. Сондықтан әр азамат халқымыздың, еліміздің, жеріміздің өркендеп - өсуіне зор үлесін қосуда.

Астана әрқашан жылдан – жылға гүлдей берсін.

Астананың өсіп өнуі, гүлденуі әрине біздің қолымызда.

**Сидорова Вероника,
средняя школа № 43, ученица 4 класса**

Астана

Казахстан получил независимость в 1991 году, после распада СССР, а 6 лет спустя указом президента Назарбаев столица республики была перенесена из Алма-Аты в Астану.

Этот город находится в центре страны, на пересечении транспортных магистралей.

Перенос столицы был осуществлен в сжатые сроки. В город торжественно перенесли государственные символы – герб и флаг, а уже в 1998 году состоялась официальная презентация столицы Казахстана. С момента приобретения статуса столицы внешне город сильно изменился. Архитекторы и строители, работающие в столице, уникальные здания, которые прекрасно гармонируют с современным дизайном города.

Одно из первых сооружений, построенных в Астане - это Байтерек. По казахским преданиям, Байтерек – это дерево жизни. На отметке 97 метров расположена смотровая площадка, с которой открывается живописная панорама современного города. Число 97 выбрано не случайно, оно символизирует год переноса столицы из Алматы в Астану. В здании Байтерека находятся художественная галерея, огромный аквариум и ресторан.

Архитектура Астаны – это сочетание разных стилей. Восточные купона президентской резиденции напоминают мечети, мавзолеи и дворцы, строившиеся во времена Тимура. Площадь, которая называется Круглая, - это новое осмысление советского псевдоклассицизма. Но преобладает, конечно, ультрасовременный западный стиль, соответствовать которому стремится нынешний Казахстан. В городе есть Театр оперы и балета, драматический театр, множество музеев. Все это создает связующую цепочку между историей прежнего города и новой столицы.

Каждый год в городе организовываются различные международные выставки, конференции, музыкальные мероприятия и фестивали народов Казахстана.

Климат в регионе отличается долгими снежными зимами. Весна поздняя, но очень живописная. Обычно весна наступает в конце марта. В это время степь выглядит особенно красиво, равнины покрываются ирисами и тюльпанами.

В 1999 году по решению ЮНЕСКО, город Астана был удостоен звания “Город Мира”.

**Түктібаева Арайлым,
№ 43 орта мектептің 10 сынып оқушысы**

Астана және Елбасы

Өз елін, өзінің кіндік кескен туған жерін, ана сүтімен дарыған туған тілін сүймейтін адам жоқ. Менің туған елім – Қазақстан. Даласы, таулары биік өр, халқы мейірімді ғажайып өлке. Республикның өз алдыма дербес мемлекет болып, тәуелсіздігін алғанына биыл 19 жыл толғалы отыр. Осны ойласам кеудемді үлкен қуаныш сезімі кернейді. өз елінде бақытты, тыныш өмір сүргенге не жетсін!

Алыс-жақын елдерде соғыс болып жатқанда, біздің аспанымыз ашық, өміріміздің бейбіт болғанына қуанамын. Сол бейбітшіліктің арқасында күліп-ойнап, еркін білім алып жүрген ерікті елдің қызының бірімін. Мен болашаққа нық сеніммен, үлкен үмітпен қараймын.

Тәуелсіздіктің алғашқы жетістігі – халқымыз өз таңдауымен ел Президенті сайлады. Оған үлкен сенім артты, міндет жүктеді. Мұның мәнін біз жақсы түсінеміз. Әбішұлы Назарбаев Нұрсұлтан ата – елге, барша әлемге танылған, өмір еңбектің шытырман жолдарынан өткен, шындалған, болашақты көрегенділікпен саралап, болжай білетін азамат.

Өткенінің өзі – көпке үлгі болар өмірбаян. Нұрсұлтан Әбішұлы Алатаудың бауырында дүниеге келсе де, жанға жайлы мекенде өмір кешпей, еңбек жолын Теміртаудан бастап, Қазақстан магниткасында шындалған. «Қанат ұшса қатайды», - деген осы болар.

Н.Ә.Назарбаев Қазақстанды әлемге танылған тәуелсіз мемлекетке айналдырды. Ел сенімі ақталды деген – осы. Ал Нұрсұлтан Әбішұлы оны тек өзінің жетістігі деп есептемей.

«Тарих толқынында», «Ғасырлар тоғысында» тағы басқа еңбектерінде халықты өткеніне үңіліп, бүгінгісіне шүкіршілік етуге тәрбиелеп отырды.

Ата-бабаларымыз Батыр халық аттың жалында, найзаның ұшымен, білектің күшімен, ақтық демі біткенше, елін дұшпанға таптатпай, Алтайдан Дунайға, Сібірден Шығысқа дейінгі ұлан-ғайыр даланы небір сұрапыл соғыстардан, замана зұлматтарынан аман алып қалып отырған. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдардың тар жол, тайғақ кешуінде де тәуелсіздік туын құлатқан жоқ. Ата-баба ның сол тізгінің Елбасының

Нұрсұлтан Әбішұлыда атамыз мықтап ұстаған. Олай деуімізде де себеп бар. Өйткені, Президент адам құқығы мен заңға саналы түрде басым бағыт бере отырып, өз еліндегі тыныштық пен келісімді көзінің қарашығындай сақтауда.

Елдің ата заңы Конституциясы мен рәміздері өмірге келді. Тәуелсіз Отанымыздың көк жүзімен астасқан көк байрағы астында Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болдық. Ардақты ана тіліміздің мемлекеттік мәртебе алғаны, тұңғыш төл теңгеміздің шығуы, Семей атом полигонының жабылуы – бәрі де Елбасына тікелей араласуымен болған. Ел ордасы болып Астана бой көтерді. Бұл қала өзінің әсем сәулет өнері үлгілерімен, сан-алуан тарихи және мәдени ескерткіштерімен, сұлулығымен әлем назарын өзіне қаратып отыр. Мұнда тамаша сәулет өнері туындылары, солардың ішінде “Ақорда”, “Бәйтерек”, “Бейбітшілік және келісім сарайы”, “Думан” орталығы секілді көптеген ғимараттар мен ескерткіштер орналасқан. Әсем қаламыз – Астананың жылдан-жылға жаңарып, көркеюіне Елбасымыздың қосқан үлесі орасан зор.

1998 жыл «Халық бірлігі мен тарих жылы» атанғаннан кейін біршама тарих беттерінде ашылмаған, анықталмаған тарихи байлықтарымыз ашылды. 1999 жылдың «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы» деп жариялануы тектен-тек емес. Президентіміздің тпсырысымен көптеген қазақ азаматтары өзінің ата-бабларының тұрған, кіндік қаны тамған кең байтақ қазақ еліне келіп, өмір сүрулеріне мүмкіндік алды.

2000 жыл «Мәдениетті қолдау» болып жарияланған. Мәдениет - әрқашан адамзаттың ұлы мұраты, асыл болмыс-бітімі, рухани байлығы. Жаңа ХХІ ғасырға қадам басқан шақта қазақ халқының өнерін жаңғыртып, мәдениетін басқа елдерге таныту игіліктің басы. Елбасының Н.Ә.Назарбаев сол туралы: «Біз – талантты халықтың өнерлі ұрпағымыз». Ата – дәстүрін, ана – тәрбиесін көріп өскен, содан нәр алып жетілген ұрпақтың өнерді қадірлемейуі мүмкін емес. Халық өнері – қазына. Біз сол өнерді жалғастырушыларымыз» - деп, барлық елді мәдениетті қолдап, атадан қалған қазынаны ұмытпауға үндеді және оны өркендетуге мүмкіндіктер жасады.

Президентіміз белгіленген «Қазақстан – 2030» бағдарламасы және жыл сайынға Жолдауы біздің адаспайтын жолымыз, айқын да ашық бағдарымыз. Елбасы өз Жолдауында «Қазақстанның болашағы жастардың қолында», - деп бізге үлкен сенім білдірді. «Хан біреу болса керек, қалғандары тіреу болса керек», - деген есті сөз бар. Американдықтар Дж.Вашингтоның, орыстар Бірінші Петрді, түріктер Ататүркті қастерлейді. Оларды шын мәніндегі мемлекеттерінің негізін қалаушысы, ел тағдырының ең бір қиын кезеңінде тізгін ұстапшысы, ту көтерген тарихи тұлғасы ретінде құрметтейді. Сондай текті де дара тұлға – Н.Ә.Назарбаев.

Нұрсұлтан Әбішұлының «Тарих толқынында» еңбегі барысында 1999 жылы Мұхтар Құл-Мұхамедке берген сұхбатында: «Мен Елбасы болсам да, қазақ деген атасын ардақтап, анасын сыйлаған, әруағын қастерлеп, Алласына сыйынған елдің бір перзентімін» дейді де Президентіміздің ұлылығы мен көрегенділігін айқын түсінгендейміз. Осы сөз кейінгі ұрпаққа карапайымдылық пен ізеттіліктің не екенін үйретері сөзсіз.

[Введите текст]

Мен осы ізгілікті жадыма сақтай отырып, ел тәуелсіздігі мен ел Президентін бөлек қарауға болмайтын егіз ұғым екенін түсіндім.